Бүгін - Конституция күні

Сыр бойы

№131
(20405)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

30 тамыз, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

3 Жаңа баптар жарқын өзгерістерге негіз қалайды

4 Білім – сарқылмайтын байлық

5 Уақытыңды ұрлатпа

6 Қырық жылға созылған қасірет

ПРЕЗИДЕНТ

«МҰНДАЙ ҚАСІРЕТ ЕШҚАШАН ҚАЙТАЛАНБАУЫ КЕРЕК»

Қазақстан ядролық қауіпсіздік қағидаттарын әрдайым берік ұстанады. Бұл туралы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter-де жазды.

«Бүгін – Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні. Бұл күннің бүкіл адамзат үшін мән-маңызы айрықша. Қасиетті қазақ жері атом сынағынан орасан зор зардап шекті. Мұндай қасірет ешқашан қайталанбауы керек. Қазақстан ядролық қауіпсіздік қағидаттарын әрдайым берік ұстанады» деді Мемлекет басшысы.

ҮКІМЕТ

ЖАУАПТЫ МАУСЫМ МІНДЕТТЕРІ

27 тамыз күні ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Селекторлық жиында Қазақстанның 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі заң жобалары қаралды. Сондай-ақ, қант өндірісін дамыту туралы айтылды.

Отырысқа министрлер мен өңір әкімдері қатысып, жауапты сала басшылары баяндама жасады.

Үкімет басшысы экономиканың нақты секторында өңдеу өнеркәсібін дамыту, бизнесті қолдау, көлік инфрақұрылымын дамыту және газдандыру негізгі бағыттар екенін жеткізді.

Селекторлық жиыннан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өнеркәсіп өндірісі көлемін арттыру, экономикалық өсімді қалыптастыру бағытында қала, аудан әкімдері мен басқарма басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

– Жыл қорытындысымен өнеркәсіп өндірісінде кем дегенде 1 пайыздық өсімді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауды тапсырамын. Ол үшін облыс төңірегінде жұмыс жасап тұрған кәсіпорындарға өнім шығаруды арттыру бойынша қолданыстағы заң аясында жәрдемдесу керек.

Сонымен бірге шыны зауытында өнім шығаруды жеделдету және жаңа өндіріс көздерін ашу бағытында өңірге инвестиция тарту жұмыстарын жандандыру қажет, – деді облыс әкімі.

2-бет

САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ

Ата Заңды ардақтау – әрбір азаматтың парызы

Биыл ел Конституциясының қабылданғанына 27 жыл. Мемлекет үшін айтулы мереке әрбір қазақстандық үшін айрықша маңызға ие. Сыр елінде де Ата Заңды ұлықтаған мерейлі сәт Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында өтті. Салтанатты жиында Мемлеттік Ту аясында еліміздің Әнұраны шырқалды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев барша Сыр жұртшылығын маңызы зор мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтады.

– Ата Заңды ардақтау – болашаққа батыл қадам басқан егемен еліміздегі әрбір азаматтың асыл парызы. Конституция – қағаз жүзіндегі құжат емес, ол – елдің, халықтың, әрбір азаматтың өмір сүру ережесі, мемлекеттіліктің іргесін бекітіп, халықаралық кеңістікте ұдайы өркендеуін қамтамасыз ететін негіз. 1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заң халықтың бірлігін, қоғамдық және рухани келісімін нығайтып, егемендік пен саяси тұрақтылықтың кепілі болғаны белгілі.

Тәуелсіздік жылдарында құқықтық жүйенің тиімділігінің арқасында еліміз әлеуметтік-экономикалық дамуда әлеуетті табыстарға қол жеткізіп, іргелі мемлекеттер қатарына қосылды. Ел Конституциясы Қазақстанның табыстылығы мен одан әрі өркендеуінің нышанына айналды.

Әлемде заңға бағынбайтын ел жоқ. Өйткені, Конституция мемлекеттіліктің маңызды белгісі, саяси және құқықтық құжаты болып табылады. Сондықтан, ол қоғам үздіксіз дамыған сайын уақыт пен заман талабына қарай өзгеріп, жаңарады. Жаңа стратегиялық мақсаттар мен заманауи жаһандық сын-қатерлер қоғам тарапынан уақытылы және тиімді жауап қайтаруды қажет етеді. Бұл өз орайында мықты институттарға негізделген, теңдестірілген және тиімді билік жүйесін талап етеді, – деді облыс әкімі.

Осы жылы еліміздің саяси жүйесінде ауқымды өзгерістер орын алып, халқымыз дамудың жаңа жолын таңдады. Мемлекет басшысы ел болашағына негіз болатын салмағы басым саяси реформалар жариялады. Дәлірек айтсақ, биылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізіліп, еліміздің Ата Заңының 33 бабына 56 өзгерту енгізілді. Аймақ басшысы Ата Заңға енгізілген бұл өзгерістер жаңару, жаңғыру жолындағы Жаңа Қазақстанның заманауи талабына жауап беретіндей қалыптасқанын атап өтті.

– Әлемде Конституциясы жоқ мемлекеттер де бар деп әрдайым Ұлыбритания мен Араб елдерін мысал етіп жүрміз. Бірі «төрт мыңнан астам заңды тұтастай алғанда бір Конституция» деп есептесе, бірі шариғат заңдарына сүйенеді. Сондай-ақ, әлемдік мемлекеттерде жазылған немесе жазылмаған заңдар болады.

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Конституция – заң үстемдігінің берік орнап, қоғамның ілгері дамуына қызмет ететін айрықша құжат.

Ата Заңды ардақтау – болашаққа батыл қадам басқан егемен еліміздегі әрбір азаматтың асыл парызы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ата Заң ел бірлігін және адамның арұжданы мен абыройына қол сұғуға болмайтынын негіздеп, кемсітудің кез келген түріне тыйым салу арқылы ұлтымызды ұйыстырады. Осы басты ұстанымдар баға жетпес байлығымыз – ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді» деп бұл күннің айрықша маңызға ие екенін жеткізді.

Биыл Президент ел дамуы үшін мәні зор саяси реформалар жариялап, Жаңа Қазақстан идеясын өмірге әкелді. Оның өзегі – әділдік пен заң үстемдігі.

Осы ұстаным аясында 5 маусымда республикалық референдум өткізіліп, Конституцияның 33 бабына 56 өзгерту енгізілді. Ел үшін маңызды күнде жерлестеріміз бірлік танытып, орнықты қадам жасады. Нәтижесінде, облысымыз референдум көрсеткіші бойынша өңірлер арасында алдыңғы үштікке енді.

Қадірлі сырбойылықтар!

Мемлекетіміз үшін аса маңызды мерекеде баршаңызға денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін! Тәуелсіз еліміз өркендей берсін!

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ,
облыс әкімі

САПАР

Аймақ дамуы ауылдан басталады

Ауыл әлеуетін көтеру – ел экономикасының басым бағыты. Қаладағы халықтың жағдайы ғана емес, ауыл тұрғындарының жай-күйі де мемлекет деңгейін бағамдауға жол ашады. Сондықтан елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту, әлеуметтік-спорттық нысандар санын арттыру негізгі мақсатқа айналды. Осы орайда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жұмыс сапарымен Сырдария ауданының Бесарық ауылына барып, бірқатар нысанды аралады.

Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

2-бет

ЕГІН-2022

«Таңның» өнімі ТМД елдерінде

Суреттерді түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

Сырдағы диқандар егінге орақ салғалы бір апта болды. Егінші қауымның ала жазғы еңбегі ақталар күн алыс емес. Өңірдегі шаруашылықтар су тапшылығын аз сезінбесе де, бұл мәселеде өте мұқият болғанға ұқсайды.

Бүгінде күріш атыздарынан суын тартып, Сырдың басты дақылын жинауға кіріскендердің бірі – Жалағаш ауданындағы «Таң» ауылына қарасты «Таң ЛТД» серіктестігі. 3000 гектарға жуық егін еккен шаруашылық осылай биылғы дәнге орақ салды.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

6-бет

ЖАУАПТЫ МАУСЫМ МІНДЕТТЕРІ

2021 жылғы Қызылорда облысының жалпыөңірлік өнімінің көлемі 1 трлн 926 млрд теңгеге жетті немесе 2020 жылмен салыстырғанда 2,2 пайыздық өсім қамтамасыз етілді. Ал, республиканың жалпы ішкі өнімі 4,3 пайызға артты. Осы ретте, жалпыөңірлік өнімнің ең көп үлесі, яғни 29,6 пайызы өнеркәсіп өндірісіне тиесілі.

Аймақ басшысы облыстық экономика және қаржы басқармасына Қызылорда қаласы мен аудандар бюджетіне берілетін жалпы сипаттағы трансферттер көлемін айқындау бойынша қала және аудандар бөлінісінде келісу кестесін әзірлеуді, ал, Қызылорда қаласы мен аудандар әкімдеріне бюджет заңнамаларына сәйкес бекітілген нормалар мен тарифтер негізінде өз бюджет шығыстарының есептемелерін сапалы түрде ұсынуды тапсырды.

Биыл облыста 3,5 гектар жерге қант қызылшасы тәжірибе есебінде егілді. Енді одан сапалы өнім алынған жағдайда, келер жылдан бастап аймақта қант қызылшасының егін көлемін арттыруға және өңдеу кәсіпорындарын салуға тиісті шаралар қабылданбақ.

Жиын соңында облыс әкімі тиісті сала басшыларына жаңа оқу жылына санаулы күн қалғанын ескертіп, дайындық жұмыстарын пысықтады.

– Сабақ процесі еш кедергісіз басталуы керек. Жаңадан пайдалануға берілетін мектептердің ашылуын жоғары деңгейде ұйымдастыру қажет. Мектеп құрылысы сапалы жүргізіліп, құралжабдықтары стандартқа сай болуын қадағалаңыздар. Бұл жұмыстарға асығыстық танытып, қателік жасауға болмайды. Сапаға мән беру керек.

Жылу маусымына барлық әлеуметтік және жеке сектордағы нысандар дайын болуы тиіс. Осы жұмыстарды қатаң бақылауға алуды тапсырамын.

Көмекке мұқтаж отбасының балаларына қажетті барлық қолдау іс-шараларын жүзеге асырыңыздар. Қажет болған жағдайда қайырымдылық іс-шараларына кәсіпкерлерді тарту жолдарын қарастырыңыздар. Шын мұқтаж отбасының балаларына қолдау көрсетуге міндеттіміз, – деді облыс әкімі.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

Ата Заңды ардақтау – әрбір азаматтың парызы

Жазылмаған заңдар қатарына Білге қаған мен Тоныкөк абыздың ел билеу, ел қорғау, басқа ұлыстармен қарым-қатынас жасау тәртібін белгілеген «Турасын», орта ғасырдағы қазақтардың әскери ұстындары мен қылмыстық жауапкершілігін, әлеуметтік жіктелуін анықтайтын «Есім ханның ескі жолын»,«Қасым ханның қасқа жолын», Тәуке ханның «Жеті жарғысын» жатқызуға болады. Ата-бабаларымыз ұстанған заңдарда демократиялық принциптер, теңдік мәселесі өте нәзік, әділ түрде шешімін тапқан. Ал, жазылған заңдар қатарынан табылатын 1995 жылы қабылданған Конституциямыз зерттеушілердің пікірінше, әлемдегі адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі саналады. Заң мүлтіксіз жүзеге асуымен құнды. Заң жақсы жұмыс істеуі үшін оны бұлжытпай орындау азаматтардың күнделікті дағдысына, үйреншікті әдетіне айналуға тиіс.

Баршаңызды Конституция күнімен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, әр шаңыраққа құтбереке, ырыс-ынтымақ тілеймін! Тәуелсіз еліміздің іргесі берік, тұғыры нық болсын! – деді Н.Нәлібаев.

Мерекелік жиында Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихында өз орны бар, Мемлекеттік Елтаңба авторы ретінде танылған бірегей сәулетші, Орталық Азиядағы ең әдемі шаһарлардың, елорданың сәулетті кескінін қалыптастыруға шығармашылық үлес қосқан ардақты азамат, «Құрмет» және I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері Жандарбек Мәлібеков пен «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Алтын дәрігер» төсбелгісінің иегері, «Қазақстанның 100 жаңа есімінің» жеңімпазы, екі мыңнан аса күрделі ота жасап, осынша адам өміріне араша болған, білікті дәрігер, ғалым, медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Құрмет» орденінің иегері Болатбек Баймахановқа облыс әкімі «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағын табыстады. Дүйім жұрт дүркірей қол соғып, марапат иелеріне риясыз ықыласын аңғартты.

– Туған жеріме келіп, халықтың құрметіне бөленуден артық бақыт жоқ. Мені осы халқым тәрбиелеп шығарды деп ойлаймын. Сіздерге мың да бір рахмет!

Мемлекетіміздің нышаны – рәміздерімізге 30 жыл. Өткен кезеңді ой елегінен өткізсек, бұл аз уақыт емес. Тәуелсіз Отанымыз төрткүл әлемге танылды. Жаңа дәуірге бет алған жарқын өзгерістер орын алды. Байқағаным, екі ғасырдан астам тарихы бар, көне қала – Қызылордамыз да жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеп келеді екен. Мұның бәрі – туған жерге қызмет ететін азаматтардың арқасы. Сондықтан елімізге, халқымызға адал қызмет ете берейік. Бірлігіміз мәңгі болсын! – деді Ж.Мәлібеков. Сонымен қатар, ол облыс әкіміне Мемлекеттік Елтаңбаның шағын нұсқасын естелік сый ретінде тарту етті.

Атағы алыс-жақын шетелдерге танымал, «Алтын дәрігер» төсбелгісінің иегері Болатбек Баймаханов туған жері – Сыр халқының құрметіне шексіз алғысын білдірді.

– Елге еткен қызметімізді бағалап, құрмет білдіріп жатқан халыққа, Тәуелсіз еліміздің болашағы үшін тер төгіп, еңбек етіп жүрген азаматтарға көптен-көп рахмет! Осы ретте өңірдің өркендеуіне осында туып-өскен, ел мен жердің жайын, халқының қадірін білетін азаматтардың қызмет еткеніне қуанамыз. Қанша жырақ жүрсек те, әрдайым туған жерге жүрегіміз бұрып тұрады.

Мемлекетіміз үшін маңызы зор мереке – Конституция күні құтты болсын! Ата Заңымыз халқымыздың қуатты өмірінің, бақытты болашағының кепілі болсын! – деді Болатбек Баймаханов.

Аймақ дамуына сүбелі үлес қосып, аянбай еңбек етіп жүрген бірқатар сала мамандары да мерекелік салтанатта облыстың Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттар иеленді.

Салтанатты жиын рухты жырлармен, мазмұнды музыкалық қойылымдармен сабақтасқан мерекелік концертке ұласып, көрерменге керемет әсер сыйлады.

Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен Ә.Әбсадықов (жеке домбырада), Сырдың саңлақ әншілері С.Байсейітова, М.Мақұлбеков, А.Иманжаппаров, Ж.Жүсіпов, А.Бүркітбай, З.Баймырзаева халық әндерін және Л.Хамиди, А.Жұбанов, Н.Тілендиев, Е.Хасанғалиев сынды белгілі қазақ композиторларының әндерін тамылжыта орындап, халықтың қошеметіне бөленді. Оркестрдің дирижері – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзе. Сондай-ақ, халықаралық байқаулардың лауреаты «Томирис» би ансамблі орындаған Абай операсынан халық биі және «Ақмаржан» би тобының орындауындағы «Дәстүр» ұлттық билері өзіндік ерекшелігімен көрермен көңілінен орын алды.

«Өткен күн – тарих, келер күн – сыр, ал бүгінгі күн – үлкен сый» деген екен ұлы ойшыл Қорқыт бабамыз. Шындығында, тарихымыздан тағылым ала отырып, алдағы мақсат-мүддемізді айқындаймыз. Сол секілді осындай айтулы күннің қадірін біліп, тәлімін бойға түйген ләзім.

1-бет

Аймақ дамуы ауылдан басталады

Сапар мақсаты – әлеуеті әлденген ауыл тіршілігін көзбен көру және ел игілігі үшін қолға алынған жұмыстардың жай-жапсарымен танысу. Расында, мұндағы тірлік қауырт. Әкіммен сапар барысында біз сол қызу жұмыстың ортасына топ ете қалдық. Сырдария ауданының әкімі Мұрат Ергешбаев қарқынына қарқын қосқан ауылдағы ауқымды істерді жеке-жеке таныстырды.

Ауылға кіреберісте жаңа спорт кешенінің іргетасы қаланыпты. Жұмыстың уақытылы әрі сапалы бітуіне жауапты – «SCS Инжиниринг» ЖШС. Мердігер мекеме ерте көктемде басталған құрылыс жұмыстарын келер жылдың соңына дейін бітіруге ниетті.

Екі блоктан тұратын кешеннің бірінші қабатында спортзал, киім ауыстыратын және жуынатын бөлме, медицина бөлмесі мен бейнебақылау бөлмесі бар. Ал екінші қабатында ұйымдастыру бөлімі, жаттығу залы, күреске арналған бөлме қарастырылған. Айтпақшы, спортзал футбол, баскетбол, волейбол ойындарына арналған. Ішіне 120 көрермен сыяды. Бәрі ойдағыдай болса, ауыл тұрғындары келер жылы іргелі істің игілігін көрмек.

Бұдан соң әкім сапары ауылдық музейде жалғасты. Мекеме аумағы толық қоршалған, жан-жағы жасыл желек. Еңселі ғимарат бір көргеннен жүйелі жұмыстың нәтижесін аңғартты. Аймақ басшысы аталған ерекшелікті назарға алса керек, жауапты мамандардың жұмысына баға берді.

– Ауыл-аймақты көркейту – негізгі мақсатымыздың бірі. Елді мекенді таза ұстау, көркейту-көгалдандыру жұмысын жүргізу, тұрғындарға қажетті әлеуметтік, спорттық нысандарды салу мәселені шешу жолына айналуда. Бұл орайда Бесарық ауылының алған бағыты көңіл қуантады. Ауылға кіргеннен ауқымды жұмыстардың жасалып жатқанын байқадық. Алдағы кезеңде құрылыс жұмыстары уақытылы аяқталып, тиісті жұмыстар дер кезінде жүргізілсе, ауыл келбеті әспеттеле түспек, – деді облыс әкімі.

Расында, музейдің сыртқы келбеті ғана емес, тарихи жәдігерлері де көңіл аудартты. Музейге 19 ветрина қаз-қатар қойылыпты. Әрқайсысында талай тарихтың ізі жатыр. «Жер тарихы – ел тарихы» бөлімінде ауыл төңірегіндегі ескі қалашықтар мен қорғандар жайлы мәлімет пен жәдігерлер сақталған. Өңірдегі айтулы тұлғалар жайлы экспонаттар, Сырдария ауданынан шыққан төрт Кеңес одағының батыры, ауылдың орденді ардагерлері жайлы жәдігерлермен толыққан. Ал «Ауыл мақтаныштары» бөлімінде ауылға ерекше еңбегі сіңген тұлғалар жайлы мәліметтер «Тұғыры биік тәуелсіздік» және «Жаңа ғасырда жаңарған Бесарық» бөлімдері жасақталған.

Бұдан соң атбасын орталық алаңға бұрдық. Бүгінде демалыс алаңының айналасына абаттандыру жұмыстары жүруде. Алаңға брусчатка төселіп, жарық шамдары мен демалыс орындығы қойылған. Ал орталық алаңда субұрқақ пен «Ана бақыты» мүсіні орналасқан. Ауылдың көркіне көрік қосқан алаңның екі жағына талдар егіліп, әсемдене түскен. Айтпақшы, бұл жұмыстарды жүргізуге аудандық бюджеттен 600 мың теңге қаржы қаралған. Ал «Абай-Дәулет» ЖШС жеке өзі 2 млн теңге қаражат бөліп отыр.

Келесі бағытымыз – «Абай-Дәулет» ЖШС. Мекеме директоры жем зауыты, түйе шаруашылығы, өнімдер жәрмеңкесімен таныстырды. Мұндағы тірлік те қарқынды. Облыс әкімі 2016 жылдан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан жем дайындау цехының жұмысын жоғары бағалады. Қазіргі таңда сағатына 3 тонна өнім өндіретін цехта 7 адам жұмыс істеуде.

Шаруашылықтағы қой фермасының да аяқалысы бөтен емес. Қожалықтағы асылтұқымды қой саны 5 мыңнан асады. Бұл жерде бордақылау пункті мен зертхана бар. Ал түйе фермасында күніне 100 литр шұбат өндіріледі. Сондай-ақ, ауызсу кешені, сағатына 2500 келі комбикорм дайындап шығаратын зауыт, 5000 тонна жем сақтайтын қойма, шөп сақтайтын қораларда барлық техникалық жабдық жеткілікті.

– Біздің негізгі кәсібіміз – күріш өсіру. Кейінгі бес жылда жұмыс қарқыны күшейді. Соның арқасында ауыл адамдарын жұмыспен қамтыдық. Мұнда қазір 170 адам жұмыс істейді. Шаруашылықта бұдан бөлек, күріш зауыты мен алма бағымыз бар. Өнім сапасы жақсы болғандықтан, сұраныс та жоғары. Ал төрт түлік малға келсек, қазір сүт өнімдерін қолжетімді бағада қалаға сатып жатырмыз, – деді «Абай-Дәулет» ЖШС-ның директоры Мұрат Сәрсенбаев.

Кейде ауылдағы ағайынның хал-ахуалын қаперде ұстай бермейтініміз жасырын емес. Ондағы тұрғындардың мұңмұқтажы, арман-тілегі ескерусіз қалып, елдің алаң көңіліне талай куә болдық. Алайда, аймақ басшысы мен жауапты сала мамандарының елді мекендерді аралауы – аталған олқылықтың орнын толтырарлық іс. Бұл жолғы сапар да осы мақсат жолында жасалған қадам екені айдан анық.

1-бет

Жаңа баптар жарқын өзгерістерге негіз қалайды

Біз 1991 жылы желтоқсанда дербестігімізді алғанымызбен, Конституциямыз болған жоқ. Бірінші Конституцияны 1993 жылы қаңтарда қабылдадық. Оған дейін тәуелсіз мемлекет болдық, президенттік институт енгізілді. Бірақ Кеңес одағының конституциясымен келдік.

Бірінші Ата Заңда негізінен Парламенттің құзыреті мол еді. Бүкіл билік, ішкі және сыртқы саясат тек Парламент арқылы жасалатын. Президенттік институт бар, бірақ рөлі жоқ еді. Ол кездегі Жоғарғы Кеңестің таратылу себебі жаңа қоғамдық, экономикалық, саяси қатынастар құруды уақыт талап етіп жатты. Жоғарғы Кеңесте партияның бірінші хатшылары болған азаматтар отырды. Жаңа жүйені, нарықтық қатынасты терең түсінді деп айта алмаймын. Ал оны алға апару үшін заң керек еді. Сондықтан да бұл Конституция экономикалық реформа жасауды ұзартып жіберді. Кейбір заңдар 7-8 ай, тіпті бір жылға дейін қабылданбай, әрі тарт та бері тарт болып жатып қалды. Жоғарғы Кеңес таратылғаннан кейін сол кездегі Президент көптеген заңдық күші бар Жарлықтарды шығарды.

Екінші Конституция 1995 жылдың 30 тамызында қабылданды. Алты ай бұрын ақпарат құралдарында жарияланып, жер-жерде талқылаулар өткізілді. Бұл құжат керісінше, Президенттің рөлін күшейтетіні, басқа билік тармақтарының рөлін төмендететіні сол кезде байқалды. Биліктің үш тармағы болғанымен, негізгі билікті, яғни соңғы сөзді Президентке бердік. Тіпті аудан, ауыл деңгейінде шешілетін мәселелер Президентке дейін баратын болды.

Мұндайда «Неге бұлай болды? Бұл заңның қолданыстағы Конституциядан қандай айырмашылығы бар?» деген сұрақ туады. Әрине, 27 жыл бойы бұл Ата заң біріншіден, экономикалық реформаларға жол ашты, алға бастыруға оң әсерін тигізді. Нарықтық жүйені тезірек қоғамға енгізді. Екіншіден, көрші мемлекеттермен шекарамызды шегендеуге негіз қалады. Ұтқан да, ұтылған да тұсымыз бар. Ең бастысы, келер ұрпаққа шекара мәселесін басы ашық күйінде тастамай, шешіп берді. Үшіншіден, көп көзқарасты, көпсалалы, көп идеологиялық жолға түстік. Пікір алуандығы, партиялардың құрылуы, діни сенім бостандығы осы Конституцияда шешім тапты. Бірақ діндерге есік-тереземізді ашық тастадық.

Ата Заңға жерді меншікке беруге болады деген сөз жазылды. Осы енгізілген бап арада бірнеше жыл өткенде халықтың көтерілуіне әкеп соқты. Жерасты байлығын, қорын Парламентті қатыстырмай-ақ Президенттің өзі шетелдерге беруге мүмкіндік алды. Өйткені мұны Конституцияға жазып қойдық. Президент халықтың атынан сөйледі. Көптеген өркениетті елдерде жерге байланысты, оның қойнауындағы байлыққа байланысты мәселелер, ұлттық мәселелер тек Парламент арқылы шешіледі. Ал бізде Парламент рөлі ескерілген жоқ. Осындай кемшіліктерді атап айтуымыз керек деп ойлаймын.

Бұл Конституция екі рет өзгерістерге ұшырады. 2007 және 2008 жылдары конституциялық маңызы бар бірнеше баптары өзгерді. Сайлау, партияларға байланысты екінші реформа 2019 жылы жасалды.

Кешегі жалпыхалықтық референдумда қабылданған өзгерістер Конституцияның бағытын, негізгі тұжырымдамасын өзгертті. Соның ішінде үш-төртеуіне тоқталар болсақ, халық арасында үлкен резонанс, көзқарастар қайшылығын тудырған жер мәселесін алайық. Бұрын жер жекеменшікке беріледі және жер мемлекеттік меншік деп танылды. Ал қолданыстағы Ата Заңымызда «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі» деп жазылды. Ескі заңда «мемлекетке тиесілі» делінген еді. Енді халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Сондықтан жер мен оның байлығын Президент біреуге бере алмайды. Оны халық референдум арқылы шешеді.

Елімізде Конституциялық соттың орнына Конституциялық кеңес құрылған болатын. Азаматтар белгілі мәселе бойынша аудандық, облыстық, Жоғарғы сотқа ғана жүгіне алатын. Бұл – Конституциялық құқықтың бұзылуы. Енді референдумда енгізілген өзгерістердің арқасында елімізде Конституциялық сот бар. Ол Жоғарғы сотқа тәуелсіз. Азамат өз құқықтарын осы Конституциялық сотқа шағым айту арқылы қорғай алады.

Тағы бір атап өтетінім, өзгерістерге орай Президент туыстарының мемлекеттік, саяси қызметтерге тағайындалуға құқы жоқ. Бұрын қалай болғаны өздеріңізге мәлім.

Сайлауға қатысты өзгерістер айрықша тоқталуды қажет етеді. Кез келген азамат аудандық, қалалық, облыстық мәслихатқа, Парламентке сайлауға түсе алады. Бұрын тек партиямен шектелетін. Партия атынан түсу үшін әрине, оның мүшесі болу керек. Енді еш партияға мүше болмай-ақ бір мандатты округтен түсуге толық құқық берілді. Бұл азаматтардың құқықтарын кеңейтуге септігін тигізеді.

Партияны тіркеу шегін төмендетуге, квотаға байланысты Ата Заңда айқын көрсетілді. Жаңа қолданыстағы Конституциямызға демократиялық бағыттағы, сипаттағы, азаматтарымыздың құқы кең түрде қорғалатын, пікіралуандығын терендететін баптар енгізілді.

Парламентте алдағы айларда бірінші кезекте бірнеше заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Сол кезде Конституция толықканды жұмыс жасайды.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
ҚР Парламенті
Сенатының депутаты

Сапалы жаңғырудың берік негізі

Ата Заңымыз уақыт сынынан өтті. Қолданыстағы Конституция қабылданғаннан бері бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Әр өзгерістердің өзіндік ерекшеліктері бар.

Дегенмен, нақты Конституциялық реформа халық қолдауымен осы жылдың 5 маусымындағы республикалық референдумда жүзеге асқаны белгілі. Осы референдумда саяси жаңғыруды көздеген реформаларды халық растады және нығайта түсті. Қоғам мен мемлекеттің сапалы жаңғыруы берік Конституциялық негізде, Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы негізінде жүзеге асырылады.

Біріншіден, ел Конституциясының негізгі құндылықтары: адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, біртұтас мемлекет, әлеуметтік мемлекет, басқару органдарын ұйымдастыру қоғамда сұранысқа ие болды. Конституция жеке адамның бостандығын жоғары бағалайды. Жаңа Конституцияда белгіленген қоғамдық-саяси құндылықтар жүйесі өзінің өзектілігін көрсетті. Қоғамда бар мәселелерге қарамастан, елдегі саяси тұрақтылықты айтуымызға болады.

Екіншіден, Жаңа Конституция біздің өміріміздің негізгі ережелері мен нормаларын айқындап қана қоймайды. Ата Заңымыз еліміздің одан әрі даму стратегиясын анықтайтын негізгі құжат болып қала береді. Түзетулер енгізу туралы барлық шешімдер уақыт ерекшеліктеріне сәйкес өлшенген болуы керек. Шынында да, Конституцияға енгізілген кейбір түзетулер мен өзгерістер саяси өмірге толықтай енген жоқ. Негізгі Заңға үнемі өзгерістер енгізу де азаматтардың тұрақтылық сезіміне және болашаққа деген сеніміне нұқсан келтіруі мүмкін.

Үшіншіден, белсенді білім беру және ағартушылық саясаты арқылы ғана Конституцияның қоғамдағы беделін айтарлықтай арттыруға болады. Барлығымыз Конституциямызды, оның бізге қандай құқықтар мен міндеттер белгілейтінін білуіміз керек. Сондықтан оны оқыту барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларына саяси көзқараспен енгізілгені дұрыс.Сонда ғана біз Конституциямыз туралы көбірек біліп қана қоймай, оны қорғауға, бақытты және тұрақты өмір сүру құқығымызды сақтап қалуға күш саламыз.

Конституция азаматтардың мінез-құлқын белгілі бір мақсаттарға, үлгілерге жетуге бағыттайды. Ол белгілі бір қоғамның саяси-құқықтық санасына еніп, жоғары мұраттардың рөлін атқарады және осылайша құқықтың негізгі құндылықтарына айналады. Конституцияның мәні оның мазмұнымен анықталады. Ата Заң қалыптастыратын құндылықтар, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету шараларымен қатар, азаматтардың санасына енуі керек.

Ел Конституциясының құндылығы Ата Заңымыз қорғайтын түсініктермен тікелей байланысты. Ол саяси риториканың бірегей отандық түрі ретінде азаматтардың әрбір маңызды қоғамдық мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдар
кандидаты,
қауымдастырылған
профессор

Ата Заң – елдіктің символы

XX ғасырдың кейінгі онжылдығы қазақ елі үшін ірі саяси өзгерістерге толы болды. Алдымен 1991 жылы бодандықтың қамыты біржолата сыпырылып, бабалар аңсаған егемендік қолымызға қайта тиді. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап өзін демократиялық, құқықтық ел ретінде орнықтырған жас Қазақстан үшін жаңа Конституция қабылдау мақсаты тұрды. Осы мақсатқа бүтіндей халық қатысқан референдум арқылы 1995 жылы 30 тамызда қол жеткізіп, еліміздің бас құжаты – Ата Заңымыз қабылданды.

Еліміздің егемендігін айшықтайтын негізгі нышанның біріне баланған Конституциямыздың «Ата Заң» атануының да өз мәні бар.

Сайын далада салтанат құрған даңқты бабаларымыз үшін құқық түсінігі жат еместі. Ат үстінен түспеген көшпелі елдің көшелі ұлдары салт-дәстүрді жалпыға бірдей заң ретінде қабылдаса, бертін келе түбі бір түрік жұртында Төре заңы, түрлі сынақтан ысылып өткен қазақ халқында «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысының» қағидаттары басшылыққа алынған, даналықпен ұштасқан дала мизамы болды.

Қызыл сөзді судай сапырған кешегі өткен бишешендеріміздің әр кесімінің ар таразысында әділ тартылуының себебі де сақара төсінде мыңдаған жыл билік құралы болған дала заңының нағыз Конституция болғанын айқындай түседі.

Сондықтан осыдан 27 жыл бұрын республикалық референдумда қабылданған Қазақстанның Конституциясы бір мағынасында заңдардың атасы деген ұғым беретін болса, терең мағынасында ата-бабамыз ұстанған заң жолының жалғасы дегенге саяды.

Тоғыз бөлім мен 99 бапты қамтитын Конституциямызда еліміздің тәуелсіздігі, мемлекеттік басқару формасы, аумағы, тілі, саяси ұстанымы, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандығы, мемлекеттік билік бөлінісі және тағы да басқа елеулі ережелер енгізілген.

Конституцияда өзін зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде көрсете білген Қазақстан Республикасы жарқын болашаққа қадам басқан ел екендігін аңғаруға болады. Шекарамыз шегенделуі, мемлекеттік рәміздеріміз бекітілуі, ішкі және сыртқы саясатта тұрақтылық пен бейбітшілікті ту етіп ұстауы Ата Заңымызбен тығыз байланысты.

Азаматтарымыздың құқығын мемлекет қорғаған. Біздің елде адамдар ұлты, тегі, түсі, тілі, діні, әлеуметтік жағдайы, саяси көзқарасы бойынша кемсітілмейді; мамандық таңдауға, еңбек етуге, отбасын құрып, оның құндылықтарын қорғауға, жеке меншігін қорғауға, мемлекеттік басқаруға қатысу, мемлекеттік басқару органдарын сайлауға, сайлануға толық құқылы. Бұл біздің негізгі заңымыз әлемнің ұстанған қағидаттарымен сәйкес келетінін, Қазақстанды толерантты ел еткенін дәлелдей түседі.

Алайда, замана көшіне ілескен қоғамда даму бірізді болмайтынын тарих әлдеқашан дәлелдеп берген. Қазақта «жігіт отызында орда бұзар» деген мағыналы теңеу бар. Тәуелсіздік алғалы 30 жыл ішінде біз ішкі жағдайды тұрақты етіп, алыс-жақын шетелдермен саудаэкономикалық ықпалдастық орнаттық. Ендігі жерде жаһандану үдерісінен қалыспай жаңа форматтағы мемлекет құру қажеттілігі туындады. «Жаңа Қазақстан» деп аталатын дамудың жаңа жолына түскен ел үшін Конституция да жаңаша болуы шарт.

Осы мақсатта биылғы 5 маусымда жалпыхалықтық референдум өткізіліп, Ата Заңымызға төртінші мәрте өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Өзгерістерге сай азаматтардың құқықтары бұрынғыдан да артады. Себебі, жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі болмақ. Ол деп отырғанымыз – табиғи байлықтардың иесі халық болғандықтан, кез келген шешімге халық жүз пайыз қатыса алады деген сөз.

Конституциялық Кеңес өз жұмысын тоқтатып, орнына араға біршама уақыт салып қайтадан Конституциялық Сот құрылмақ. Нормативтік-құқықтық актілердің Конституцияға сай немесе сай еместігін тексеретін органға әрбір қазақстандық емін-еркін жүгіне алады.

Алдағы уақытта өлім жазасына да тыйым салынбақ. Себебі, ешкімнің адам өмірін қиюға құқығы жоқ. Сонымен қатар, Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылады. Кейінгі уақытта қолданып келген пропорционалдық сайлау жүйесінен мажоритарлық сайлау жүйесіне қайтадан көшетіндігін білдіреді. Демек, халықтың заң шығару органдарына ықпалы арта түспек.

Конституцияда көрсетілген саяси, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық міндеттер елдің болашағының қай бағытта екенін көрсете алады. Ал, болашақтың кірпішін қалау – әрбір азаматтың ортақ борышы. Сондықтан Конституциямызды баршамыз құрметтеп, бас заңды бұлжытпай орындау арқылы ғана нағыз құқықтық әрі әлем мойындаған елге жете аламыз.

Сағатбек СҮЛЕЙМЕН,
облыс бойынша
Соттар әкімшісінің
басшысы

Адам құқығы – Конституциялық құқықтың маңызды институты, ал адам құқықтарын қорғау механизмі – бұл адам құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қанағаттандыру жолындағы кедергілерді жою мақсатында кезекті түрде ұйымдастырылған заңды құралдардың жүйесі. Құқықтық реттеу механизмі заңдық құралдардың жүйесі, олардың көмегімен қоғамдық қатынастарға құқықтық әсер ету жүзеге асырылады, құқық субъектілерінің мүдделері қанағаттандырылады. Құқықтық реттеу механизмі элементтерінің құрамына құқықтық норма, құқықтық қатынастар, жеке құқықтық актілер, құқықтық тәртіп пен құқықтық сана кіреді.

Адам құқығының арқауы

Мемлекетте демократияның басты негізі – адамның, жеке тұлғаның құқықтық жағдайы. Сондықтан адам құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау механизміне нормативті құқықтық актілер жатады. Барлық қазіргі заманға сай конституциялар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы да бұл мәселеге ерекше назар аударады. Көпшілігінде адам және азамат құқықтары мен бостандықтары алғашқы бөлімдерде келтірілген, бұл мемлекеттің жеке тұлғаның құқықтық жағдайына қаншалықты қарым-қатынаста болатынын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы ең жоғары құндылық ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекітті. Бұл қағида – демократиялық мемлекеттің қызметі мен оның халықаралық құқықтық міндеті. Конституцияда бекітілген жеке тұлғаның құқығы оны жүзеге асыру мен қорғаудың тиімді механизмін құруды болжайды. Адам құқығы, оны сақтау мен кепілдік беру бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі. Адам құқықтарын сақтаудың шындық жағдайы – демократияның маңызды көрсеткіші, оның кемеліне келуі мен руханилығының белгісі.

Адам құқықтары мен бостандықтары тек қана бір мемлекеттің ісі емес, бүкіл халықаралық бірлестіктің субъектісі. Бұл саладағы жалпы танылған халықаралық нормалар – қазір ұлттық заңдарды қалыптастырудың негізі. Сондықтан да мемлекет ішіндегі адам құқығын қорғау механизмі, халықаралық құқық нысандарымен қамтамасыз етілуімен тығыз байланысты. Бұл жөнінде нормалар қабылдаған халықаралық ұйымдар, адам құқығының бұзылмауына жол бермеуге нақты механизмдер қарастырды.

Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат – Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі.

Ата Заңымызды бұлжытпай орындаудың нәтижесінде Отанымыздың бірлігі нығайып, елдегі тұрақтылық пен татулық орнықты.

Б.ИЗЕНОВ,
Қызылорда қалалық
мамандандырылған
тергеу сотының
аға сот приставы

Сыр жастары Елтаңба авторымен кездесті

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Жандарбек Мәлібеков Сыр жастарымен кездесті. Шара барысында ардагер сәулетші Өзбекстанда жүріп, Әндіжан қаласындағы әуе вокзалының, Ферғанадағы облыстық поштаның, Самарқандағы драма театр мен орталық кітапхананың, Ангара, Ферғана және Самарқан қалаларының шағын аудандарындағы тұрғын үй құрылыстарының жобаларында қолтаңбасын қалдырғанын айтты. Сондай-ақ, Елтаңбаның шығу тарихын баяндап, әрбір бөлігіне тоқталды.

Sb **Ақтілек БІТІМБАЙ,**
«Сыр бойы»

– Қазақстанға 2001 жылы көштім. Оған дейін Өзбекстанда болдым. Әлі есімде, 1992 жылы қолыма түскен бір басылымнан Мемлекеттік Елтаңбаға конкурс жарияланғаны туралы кішкентай ғана ақпаратқа көзім түсті. Содан кейін әлдебір күш жетелегендей, бар ынтаықыласым Елтаңбаға ауды да тұрды. Жалпы Елтаңба мемлекеттік нышан ретінде сол елдің саяси көзқарасын, ерекшелігін де білдіріп тұрады емес пе? Мәселен Ресейдің елтаңбасында империялық пиғыл аңғарылады. Ал, қазақтың Елтаңбасы мүлде бөлек болу керек деген ой келді. Біраз толғандым ғой. Түрлі ойдың жетегінде жүріп, араға біршама уақыт салып, Елтаңбаны жасап шықтым, – дейді ол.

Осылай өрбіген әңгімеден соң, жастар белгілі суретшіге қазір немен айналысып жүргені, қолға алған жобалары, сәулет өнерінде оған қандай стильдер жақын екені және Қазақстанда қандай жаңа ғимараттарды жобалауды армандайтыны туралы көптеген сұрақтар қойды. Ол сауалдарға сәулет өнерінің майталманы тұшымды жауап берді.

Осы тұста айта кетейік, Жандарбек Мәлібеков Елтаңба авторы ғана емес, архитектура саласының майталманы, елордадағы көптеген сәулетті жобаларды жүзеге асырған маман екенін көпшілік біле бермейді. Соның ішінде «Нұр Астана» мешіті, «Астана-Опера» театры, «Oitek» архитектурасының, «Expo-2017» қалашығы мен жаңа Түркістан қаласының бас жоспарын жасауға ерекше үлес қосқан.

СЕНБІ КҮНІ ДЕМАЛАДЫ

Жаңа оқу жылында еліміз бойынша 3,6 млн баланы қамтитын 7 637 мектеп жұмыс істейді. 1 қыркүйекте республиканың барлық мектебінде Білім күніне арналған салтанатты жиын, сондай-ақ «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында сынып сағаты өтеді. Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Оқу-ағарту вице-министрі Шолпан Каринова мәлімдеді.

«Салтанатты сапты өткізудің форматын, қатысушылардың құрамын білім беру ұйымдары дербес белгілейді. Оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 31 мамырға дейін 36 аптаға созылады. Жаздың алғашқы күндерінен бастап оқушылар демалады, яғни жазда балалар демалады», – деді вице-министр Шолпан Каринова.

Оқу жылының ұзақтығының ұлғаюына байланысты жаңа оқу жылында бес күндік форматта 7 мыңнан астам мектеп жұмыс істейді, бұл үш ауысымды мектептерді қоспағанда, 3,4 млн бала мен 300 мыңнан астам мұғалім. Сенбі демалыс күні болады, соның арқасында оқушылар, мұғалімдер, мектеп директорлары мен оның орынбасарлары оқу жылында қосымша 36 күн демалады.

Жаңа оқу жылында мектептердің оқу бағдарламасына бірқатар өзгеріс енгізілді. Зерттеу және халықаралық тәжірибені зерделеу қорытындысына сәйкес 1-сынып оқушысының үш тілді бірден меңгеруі қиын екені анықталды. Бала ең алдымен өз ана тілінде оқып, жазуды үйренуі керек.

Сондықтан Оқу-ағарту министрлігі мемлекеттік тілде оқытатын 1-сыныптарда балалар тек қазақ тілін, орыс тілінде оқытатын сыныптарда мемлекеттік және орыс тілдерін үйрететіні туралы шешім қабылдады.

«Қазақ тілінде оқытатын мектептерде 2-сыныптан бастап орыс тілін оқыту басталады. Ағылшын тілі барлық мектепте үшінші сыныптан бастап оқытылады. Сондай-ақ 1-сыныпта балаларға ерте кәсіптік бағдар беру мақсатында «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері енгізілді», – деді Шолпан Каринова.

Биылғы оқу жылында 5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттер» факультативтік курсын оқыту жалғасады. Курста «Адалдық және этика», «Экологиялық мәдениет», «Азаматтық», «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» модульдері бар.

Жаңа оқу жылында мектеп формасына қойылатын талаптар өзгермейді. Яғни оқушылар мектепке бұрын сатып алған немесе биылғы оқу жылында дайындаған формамен бара алады. Мектеп формасы жоқтар таза, ұқыпты классикалық киім үлгісімен мектепке бара алады.

Биылдан бастап Оқу-ағарту министрлігі материалдық көмек көрсету ережелеріне өзгерістер енгізді, бұған дейін өңірлерде бөлінген сома 17-ден 40 мың теңгеге дейін болса, биыл бұл сома ұлғайтылды және ең төменгі күнкөріс деңгейінен кем болмауы керек, яғни 37 389 теңге. Көмек көрсету механизміне де өзгерістер енгізілді. Енді қаражат ата-аналардың балаларымен бірге мектеп формасын, аяқ киімін, кеңсе тауарларын және т.б. өз еркімен сатып алуы үшін банктегі шотына аударылады.

«СБ» ақпарат

Білім – сарқылмайтын байлық

Қазақтың маңдайалды жазушысы Мұхтар Әуезов: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім», – деген екен. Бұрынғылар: «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», – деп білімнің алмайтын қамалы жоқ екенін меңзеп кеткен. Өзге адаммен, қайсы бір елдермен терезеңіз теңесу үшін де санада білім сайрап тұру керек. Адам баласын күллі жаратылыстан екшелеп, даралап тұратын дүние – ақыл нығметі мен бойына сіңірген күллі білім-парасаты.

Дініміздің әмірі бойынша әрбір ақыл иесі болған мұсылман баласына рухани һәм дүниелік ілімдерді меңгеруі парыз амал. Құранның алғашқы «Оқы!» әмірімен түскен аяттың жалғасында: «**Ол қаламмен (хат жазуды) үйретті. Адамға білмеген нәрселерді білгізді»,** – деп келеді. Бұрынғы өткен ізгілер: «Құран Кәрімнің «Оқы!» деген алғашқы бұйрығының алғашқы сұрағы да: «Оқыдың ба?» – деп сұралады», – деген екен. Хадисте: ***«Білімді талап ету әрбір мұсылманға парыз»,*** – делінеді. Ғұламаларымыз барлық білімді алу парыз емес, дініңе, дүниеңе пайдалы білімді алу парыз деп тұжырымдама жасаған. Біз өмір сүріп жатқан XXI ғасыр – ақпарат пен технологияның заманы. Ғылым күнде дамып жатқан бұл дәуірде сәт сайын біліммен байланыс құрып отыруға, ізденіс үстінде жүруге тура келеді. Өйткені адамдардың білім алу деңгейі мүлде жаңа деңгейлерге көтерілді. Бір білімді емес, бірнеше ғылымды меңгеруге, оны қажетінше қолдануға болады. Олай болса, пайдалы білім иесі болудың бірнеше қағидаттарына тоқталғанды жөн көрдім.

АЛДЫМЕН НИЕТІҢДІ ТҮЗЕ!

Иә кез келген істі жасамас бұрын әр адамның ішінде мақсаты мен таудай талабы және кіршіксіз ниеті тұрады. Адамның өз қалауымен жасаған күллі жақсы, не жаман істерінің түкпірінде өзінің ниеті көрініс береді. Бабаларымыз да: «Жақсы ниет – жарым ырыс», «Адал ниет аздырмайды» деп айтып кете берген.

Данышпандардың бірі айтқан екен: «Сырттай ұсақ көрінетін қаншама амал бар, бірақ ниет оны үлкейтеді. Көрінісі үлкен болған қанша амал бар, оны ниеті кішірейтеді». Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): ***«Расында амалдар ниетке байланысты. Расында әрбір адам ниетіне жетеді»,*** – деп айтқан. Білімге басылған қадамнан бұрын ниеттің дұрыстығы аса маңызды. Ең алдымен білімсіз болып қалудан, күллі надандықтан арылу үшін ең алдымен дұрыс ниетке бел байлай білу қажет. Жақсы ілімдерді үйреніп, туған жерге адал қызмет жасап пайда тигізейін, еліме игілікті із қалдырайын деген мақсаттар жақсы ниетпен ұштасқаны дұрыс. Хәкім Абай да:

Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз, –

деп ғылым жолына балалықты қиып, ілімді сүйіп, ниет етсе ғана ғалым болуға жол ашылатындығын меңзейді. Адам не нәрсеге ниет етсе, соған ертелі-кеш табандап жетеді. Сол үшін ілім жолына бет бұрған жан ең алдымен ішкі ниетін дұрыстауы керек. Сонда сыртқы амалы нәтиже көрсетіп, іштегі ниеті алға қойған мақсаттарына жеткізетін болады.

БІЛІМНЕН БҰРЫН ӘДЕП ҮЙРЕН!

Ыбырай Алтынсариннің ғибратты әңгімелерінің бірінде мынадай мысал бар. Бір жұрттың үлкен оқымысты кісісі екінші бір елдің байымен сөйлесіп тұрғанда, қастарынан бір жарлы адам өтіп бара жатып, оқымыстыға келіп, басын иіп сәлем береді.

Оқымысты басын одан да төменірек иіп сәлемдеседі.

Қасындағы бай:

– Тақсыр, осынша біліміңіз бар ғалымсыз. Сөйте тұрып, жарлы адамға соншалық иіліп сәлемдесуіңіздің мәні қалай? – деп сұрайды.

Сонда ғалым тұрып:

– Ешбір ғылым-білім үйренбеген ол кісі әдептілік көрсеткенде, мен одан әдепсіз болып көрінсем, лайық па? – деген екен.

Хакім Абай «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» – десе, «Ұлтқа қызмет білімнен емес, мінезден» дейді алаштың көсемі Әлихан Бөкейхан бабамыз. Білімнің берекесі тек әдеппен келеді. Хазіреті Омар (р.ғ.): «Әдеп – білімнен бұрын тұрады», – деп бекер айтпаса керек. Имам Мәликтің де мынадай айтқан сөзі бар: «Білімнен бұрын әдеп үйрену керек. Әдепсіздің білімінде қайыр болмайды».

Білім үйреніп, оның нәтижесіне қол жеткізу үшін ілімді мақсат еткен адамның әдебі алдымен тұру керек. ***«Білім алудың басты он әдебі бар. Білімді талап етушілер осы әдепке мойынсұнуы керек»,*** – дейді Имам Ғазали «Ихия улумиддин» атты еңбегінде. Имам Ғазали сол еңбегінде: «Білімді мансап, дүние және атақ үшін алмау. Себебі адам баласының бұл дүниедегі сапарының негізгі мақсаттарын мансап, дүние және атақ құрамайды. Бұлар Алла Тағаланы тану жолында бірер көмекші құралдар ғана. Кімде-кім білімді Алла Тағаланы тану үшін үйренсе, білімінің жемісін бұл дүниеде де, ақыретте де көреді. Тек дүниелік үшін білім алса, білімі оны әдеп және амал тұрғысынан түрлі масқаралықтарға душар болуына себепкер етеді», - дейді.

Өзі ғұмыр кешкен дәуірде ғалымдардың сұлтаны атанған Абдулла ибн Мүбәрак: «Біз көп білімге қарағанда азғантай әдепке мұқтажырақпыз», – деп керемет сөз қалдырады. Білімнің қақпасы атанған хазіреті Әли (р.ғ.): «Жоғарылағандар тек әдеппен жоғарылаған. Төмендегендер де тек әдепті тәрк етумен төмендеген», – деп үлкен ой тастайды. Ұстаз – ұлы тұлға. Ұстаздың бойындағы бүкіл жақсы қасиеттерін сіңіріп, әдептерін үйреніп, берген білімін алып, екеуін тең ұштастыра алса өзіне және айналасына пайдасын беріп, ізгіліктің сәулесін шашпақ.

БІЛІММЕН ЕЛГЕ ПАЙДА БЕР!

«Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп шырыл қаққан Әлихан Бөкейхан бабамыз қазаққа қызмет етудің, ел-жерге жанашыр болудың нақ үлгісін көрсетіп кеткен кешегі қайраткер тұлға. Біз бұдан не түсінеміз?! Бар жиған білімің, пайым-парасатың мына елге пайда беретіндей өнегелі іске жалғасуы керек. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла Тағаладан пайдалы білім сұраңдар, пайда бермейтін білімнен Аллаға сиыныңдар», – деген екен. Сондай-ақ, Алла Елшісі (с.ғ.с.) ***«Аллаһым! Бізге пайдалы білім бер және ілімімізді арттыр», «Иә, Алла! Расында, мен Сенен пайдалы білім, адал ризық-несібе әрі (Өз құзырыңда) қабыл болатын амал сұраймын»*** деген дұғаның үлгілерін көрсеткен. Пайдалы білім иесінің ілімі артқан сайын да, оның ел-халқына берері де көбейеді, даналығы да артатын болады.

Біздің бабаларымыз бала шақтан білімге құштар болып, алған ілімін елмен бөлісіп, жас ұрпаққа пайда тигізе жүруді жөн көрген. Соның бірі Ыбырай Алтынсарин бабамыз. Ол кісі жастайынан мектепте сабақты ынта қойып оқыған. 1857 жылы оқуын «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығып, 1859 жылдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады. Қалада оқып, қазақ даласына беймәлім жаңалықтардан хабардар болып, ой-өрісі кеңейген зерделі бозбаланың екі жылдай елде болуы – қазақ қоғамының жағдайын тереңірек түсініп, жаңаша сезінуіне, өзіндік ойға келуіне мүмкіндік береді.

1859 жылы Ыбырай Алтынсарин атасының жақсы танысы, сыйлас кісісі – Орынбордағы Шекаралық комиссияның төрағасы, шығыстанушы, белгілі ғалым, профессор В.В.Григорьевпен жақын танысады. Ол Ыбырайға қамқорлықпен қарап, оған өзінің бай кітапханасын еркін пайдалануына жағдай жасайды. Ыбырай Григорьевтің кітапханасынан орыс жазушыларының шығармаларын, орыс және дүниежүзі ағартушы-педагогтерінің еңбектерін, ұлы адамдардың өмірі жайындағы кітаптарды алып, бас алмай оқыған. Мерзімдік басылымдарды оқып тұрған. Өз бетімен көп ізденіп, білім қорын молайта келе, Ыбырай өзінің алдына тілмаш болуды емес, туған халқына пайдалырақ басқа бір қызмет істеуді мақсат етіп қояды. Оның ынтасы ағартушылыққа ауады.

1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді. Бірақ мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта, Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады. Торғай мектебі 1864 жылы ғана ашылады. «Осы жылы қаңтардың 8-і күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім», – деп жазады, ол белгілі шығыстанушы, профессор Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында. *(Дереккөзден қараңыз: https://kk.wikipedia.org)*

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов те: «Адамшылық, кісіге пайда тигізу, ел қамын ойлау, өнер, білімге ұмтылу деген сияқты жақсы ой, таза ниет қазақта әлі жоқ. Бас пайдасы, құлқын, мақтан, атақтан басқа қасиетті жоғары мақсат аз», – деп заманында шырылдап кеткен еді.

Пайдасыз білім алып, бүлдіргі жасау дініміздің құп көрмейтін ісі. Пайдасыз білім – адамзаттың қас жауы. Бойға жиған білім пайдалы болса, дүниемен қатар, ақыретке де жақсылығы жетіп тұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: ***«Адам баласы дүние салғаннан соң оның амалы тоқтайды. Тек мына үш амалдың сауабы иесіне үздіксіз жетіп тұрады. Олар: жария садақа, пайдалы ғылым, артынан дұға қылатын салихалы перзент».*** Кісі өзіне мақсат еткен пайдалы мамандық жолында терең де, пайдалы білім алуы қажет. Мен білемінге салынбай, оны үйрету, жеткізу, пайдасын бөлісу ізгі де сауапты амал. Шәкірт тәрбиелеу, халыққа аянбай қызмет ету, жақсылықтың ізін жалғауға себеп бола білу – пайдалы білімнің жемісі деуге болады. Қазір білім үйренемін деген адамға тетік көп, мүмкіншілік мол. Тіпті қолымыздағы ұялы телефон, оның ішіндегі қолжетімді программалар білімнің көкжиегін кеңейте түсуімізге себін тигізіп келеді. Өкінішке орай қолқалтаның ішіндегі түрлі әлеуметтік желілердің алып-қашпа әңгімелеріне, болмашы ғана роликтерге алданып, алтын уақыттарды текке жоғалтып жатқандаймыз. Білімнен бақыт тапқан текті халықтың бүгінгі бейнесі осылай майдаланып, нәпсіқұмар істерге алданып жүргені бұл қоғамды алаңдатады. Қазір сөз қуатын заман емес, ой қуатын уақыт екенін ескергеніміз жөн. Сөз қуып, өсек теріп, кісіден кемшілік іздеу – білімділік емес, адамдықтың қасиетін жетілдіру, рухани құндылықты байыту, ғаламдық білімде бақ сынау – нағыз ілімсүйерге тән сипат.

БІЛІМДІ АДАМ – БАЙ АДАМ

Сөзімді осы жерден қорытайын. «Адамның білімсіз өткерген бір күні – жәй өткен бос күні» деген тәмсіл бар. Ал ағылшын ұғымында мынадай сөз бар: «Білім – ақпарат, даналық». Адам білім алуды, білімін жетілдіруді өмірінің соңына дейін тоқтатпау керек. Олай етпегенде тұрып қалған су секілді зиян береді. Алла Тағала жер мен көктегі әрбір мақлұқатты жаратып қана қоймай, адам баласын ғибрат көзімен қарауға шақырады. Өйткені, ешнәрсе де босқа жаратылмаған. Жаратылыстың артық, не кемі жоқ. Мұнша жаратылыстың терең сырымен танысу керек. Ол үшін білім алып, ізденіп, ақыл жүгірту қажет болады. Сондықтан әрбір жаратылыстың сырына терең біліммен ой жүгірту әманда қажет. Алла Елшісі (с.ғ.с.): ***«Ойлану секілді қадірлі ғибадат жоқ»,*** - дейді. Енді бір хадис шәрифте: ***«Ойлану – ғибадаттың жартысы»,*** - деп айтқан. Ақылды қолдану білімге жетелейді. Білім өзіңді, айнала құбылысты, әлемнің иесі Алланы тануға алып баратын бағасы жоқ құндылық. Ең бастысы – білім елдің игілігіне, халықтың қажетіне жарайтындай болса сол игі. Білімді адам – бай адам екенін ұмытпайық. Алла пайдалы біліммен бізді байытсын!

Болатбек қажы ҰЛАСҚАНҰЛЫ,
ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша бас имамы

(Әңгіме)

Көкейтесті

***

Машина «Бұлақ» жайлауына жақындады, әр тұстан жылқы үйірлері көріне бастады. Машина үстіндегілер ойға шомған. Олардың жасы үлкені – Жантөре еді. Иә, баяғы Орынборға жер ауып кететін Сарықұл байдың баласы – Жантөре еді бұл. Орынбор маңында тұрып, жасы ұлғая келе онда бір көкейтестілер пайда болған-ды, бұл сапарда да ол соның жетегінде келе жатқан. Өкіметтің де жайын ұқты, әсіресе, көршілері Натальяның тағдыры оны қатты ойландырған еді. Бейшара әйелдің көрмегені жоқ, бір жыл ғана отасқан күйеуі әскерге шақырылды, Фин соғысына қатысты, одан кейін фашизммен соғысты, Берлинді алуға қатысты, барлаушы есімі аңызға айналды, Совет Одағының Батыры атанды, бірақ соғыс бітіп, елге оралысымен,1946 жылы оны қайта ұстап әкетті. Сөйтсе, барлауда жүргенде ауыр жарақат алып, неміс тұтқынында үш күн болған екен, сол бәле боп жабысты, он жылға соттады. Ақыры түрмеде өлді, оның хабары келгенде әйелді әзер жұбатқан еді бұлар. Кейін, 1957 жылы оны ақтады, село, аудан басшылары келіп құттықтап, Совет Одағының батырының семьясы, – деп әспеттеп жатқанда оның: «Құрып кетсінші бәрі... Кім үшін соғысты... Кімге керек ол атақ..., маған атақ емес, оның өзі керек еді ғой» дегені мұның есінен кетер емес. Иә, сол соғысқа бұл да қатысты, Плиев деген генералдың атты әскерінде болды. Талай боздақ кетті ғой, бұл болса бірнеше рет жеңіл жарақат алғаны болмаса, бес жыл қырғыннан аман қайтты. Шешесі айтқандай «Құдай-аруақ жар болып, періштесі қаққан болар». Иә... Атамекенге қайта алмай қалды, 1952 жылы Натальяны зорламақ болған мас КГБ қызметкерін сабағаны үшін әкесі айыпты болып шыға келді. Саяси мән беріліп, Сібір кетіп қала жаздады, ұлғайған жасына да қараған жоқ. Ауыл болып ара түсіп, одан аман қалды, 15 жыл шартты жазаға кесілді, ауылынан шығуға тыйым салынды. Сөйтіп, бұлар Сталин өлгеннен кейінгі кеңшілікке ілінбей қалды. Одан шешесі өмірден озды да, әкесі не болса да осы жерде қалуды ұйғарды. Кемпірі жатқан бейітке күніне бір барып келіп: «Шешеңді жалғыз қалдыра алмаймыз ғой, балам» дейтін бұған ол. Ие... өмір-ай. Оу, әділдік дегенің ит болып кеткен бе сонда?!

Иә, әке-шеше жат жерде жерленді, туған жерден алыс демесең, әкесі елдегі туыстарымен байланыста болды. Қалай ретін келтіргенін өзі білер, бірақ, Орскіге барып, қалааралық байланыспен Аралмен сөйлесетін. «Орынбор жақын емес пе?» деген бұған, ол: «Түлкі айтыпты ғой: 99 мың айлам бар, бірақ ең жақсысы көрінбеген» деп. Біздікі із тастау, жұртқа зиянымыз тимеу керек», - деген еді. Оның көзі тірісінде бұл еңбек демалысында Аралға келіп, қонақүйде автобаза директоры Оразғалимен кездесті. Ол әкесіне уәде бергенін айтты, ертеңіне бұл Саздыға пошта таситын машинаға отырды, бастығының, әрі туысының қатаң тапсырмасына сай Теңізбай мұны жұртқа дабыра қылмай, баяғы екі жидеге апарды. Бұл пісіп тұрған жиденің қос уысын және оның түбінен орамалға түйіп топырақ алды. Әке тапсырмасы еді бұл, жиде мен топырақты апарғанда жетпістен асқан қария қандай қуанды десеңші. «Балам, енді бақилық болып кете қалсам да қабірге салар туған жер топырағы бар қолымызда. Бұл дегенің бақыт қой, ұлым. Апыр-ай, жиделердің әлі тұрғаны... Жаратқан ием! Құдыретің шексіз-ау, туған жердің жидесінен ауыз тиермін – деп кім ойлаған». Иә, осыдан соң әкесі екі-үш жыл бақытты ғұмыр кешті, бұрын тұйықтау көрінетін адам ашылып, небір әзіл әңгімелерді келістіре айтатын болды, қалжыңдары да ел аузында жүрді. Бұл әкесінің көкейтестісі, арманы орындалғанын ұқты.

Сол Саздыға барған сапарында пошта меңгерушісінің үйіне қарсы салынған Сенбінің үйі тұсынан өтті, қасында мысық пен күшік, көлеңкеде сақалы шошаң-шошаң етіп, өзімен өзі карта ойнап отырған шалдың Сенбі екеніне, ал көне галошты тырп-тырп еткізіп сүйрете басқан кішкентай қара кемпірдің баяғы Әй-апасы екеніне әуелгіде сенбеген еді. Бәрін ой елегінен өткізе келе, ол бала кезгі ұғымының быт-шыты шыққанын білді. Бір көкейтестісі – Әй-апасын көру еді, бұлай болады деп ойлапты ма?! Завпошта Игі аңқылдаған жан екен, көршілерінің баласы болмағанын, туыстарынан бала асырап алғанын айтты әңгіме арасында. Бұл Аралға қайтуға асыққан сонда.

Ие... өмір-ай, алды-артына қарат-пайсың-ау адамның... Зымырап өтіп жатқан күндер... Бала болса да қоржынға байланысты оқиға есте қалып қойыпты... Салт атты қазақтың қоржынды сылқ еткізіп арбаға тастай салғаны да есте... Кейін әкесі де көп айтатын: «Балам, күндердің күнінде Тәжібайдың Әбілінің ұрпағына кездесе қалсаң, жасым үлкен деп тұрып қалма, кішкентай баласы болса да сәлем бер. Біздің өлмей аман қалғанымыз сол жеткізген қоржынның арқасы...Ұмытушы болма!» деп.

«Қап, мына жігіттің кім екенін әуелгіде білмей қалғанын қарашы, әке аманатына қиянат болды ма екен?! Жоқ, бір ретін тауып бәрін түсіндірермін оған». Осы сапардың қиындығы, өзі қызмет ететін Орск және Арал автобаза бастықтары арасындағы келісімге қол жеткізуі, мұнда келгесін Оразғалиға осы фермаға көмекке жіберуді ұйымдастыртуы санасында жалт етті. «Е... бұлар менің жайымды қайдан білсін?! Туған жерде тайраңдап жүр ғой. Ал, біз туған жерді түсімізде көреміз. Соны ұғар ма екен бұлар. Күрең қасқадан тұқым қалған шығар... Кешке оңаша алып шығып, мына жігітке сәлем берейін, сөйтіп әке аманатын орындайын. Бір ат таңдап мінейін деп сұрайын. Түсі жылы ғой, келісер... Шіркін, күрең қасқа тұқымының бірін тауып, жалынан ұстасам...».

***

Жұрт шу ете қалды. «Кетті... Сүйретіп әкетті! Ойбай! Өлді-ау!». Ферма меңгерушісі дауысын көтере бұйырды: Оразғали! Мін мотоциклге! Алдын ора! Едірей жақ беттен бар! Қуанышбай! Машинамен ізінен сал! Нұрлан! Дәрі-дәрмегіңмен мін машинаға! Тез! Тез! Көмекшілер! Таста бәрін, атқа қоныңдар! Мына беттен барыңдар! Қайыруға әрекет жасаңдар! Апыр-ай, аман болса жарар еді. Бір ат таңдап мінейін дегесін рұқсат етіп ем, әнтек болды ма осыным? Жасы келген адам... Қызық... Баланың ісін жасап...

Бұл кезде күрең қасқа дөнен жалын жел сүзе, ышқына кісінеп, Едірей шыңына қарай бет түзеген-ді. Соңында бұрқырап шаң барады. Мойнында бұғалықтың қыл арқаны, оған сүйретілген Жантөре. Лезде мотоцикл де, «Газ-63» автокөлігі де, аттылар да жолға түскен, шудаланған шаң енді бес-алты тұстан көрінді. Ферма меңгерушісі осы маңдағы ауылдарды сумен қамтамасыз етуге бөлінген су жаңа водовоз машинасы кабинасында індікештерден қаша, биік-биікті қуалай тура тартып келеді. «Ізбас! Тек аман болсын-деп тілейік. Қаншама белді болса да, нәті жылқы емес пе, сәлден соң тоқтар. Тоқ мал барлығып – ақ шаба алмайды. Тек аман болсын...» – дейді жол көрсете отырып.

Таңдап ат мінуге рұқсат алған Жантөре жылқы үйірлерін аралап біраз жүрді. Жеңілдене киінді, керзі етік киюден бас тартты, галошты тастап, тек мәсімен қалған, қолында бұғалық. «Апыр-ау, күрең қасқаның үйірін құртып жіберген бе, шынымен құрығаны ма? Қырық жыл кеудесінде маздаған арманның өшкені ме? Көкіректегі көкейтестінің түйін күйінде қалғаны ма?» Осы ойлар сананы меңдеп бара жатқан тұста бір ғажап сәуле жарқ ете қалғандай болды оған. «Алла-ау! Мынау... Мынау сол ғой... Күрең қасқасы ғой баяғы... Құдды өзі... Қалыпты ғой тұяқ... Мынау соның ұрпағы... соның тұқымы... Тура сойып қаптағандай... Жаратқан жан ием! Мың мәрте шүкірлік етем өзіңе! Мың мәрте шүкір! Көрсеттің ғой көзіме... Күрең қасқам...». Ол сәл теңселіңкіреп кетсе де, бойын тез тіктеді. Жылқыны науаларға қарай қоғамдай бере, тасалана барып, күрең қасқа дөненге бұғалық салған болатын. Алғашында жылқылар арасында байырқап тұрған дөнен алқымын қыл арқан қыса бастағанда жалт бұрылып, үйірден шыға қашты. Жантөре қаншама өкшесін жерге қадай тоқтатпақ болғанмен, күш алып кеткен асау қоя ма, бір кезде мұны сүйрете жөнелді. «Таста! Жібер арқанды!» Ол жұрт айқайын естігенмен, оны тыңдар халде емес еді, тек «Алла-ау, жеткіздің-ау. жеткіздің-ау күрең қасқаға!» дегенді іштей қайталай берді.

Күрең қасқаның сексеуіл, бұтасы мол бетке қарай емес, Едірейге қараған жусанды қоңырлыққа қарай қашқаны абырой болды, әйтпесе, Жантөренің жазым болары анық еді. Жұрт асаудың алдын орай тоқтатты. Ферма меңгерушісі Әбдірасулле сұлық жатқан Жантөреге қарай жүгірді, мына жақтан ақ халатының етегі желпілдей Нұрлан да жүгіріп келеді. Бұлар оған таяған тұста Жантөре орнынан тұрды. Сол тұста осы оқиғаға куә болған барлық азаматтардың да іштей «уh» – деп бір дем алғаны хақ, тіпті, жел де тына қалған, табиғат ана да перзентінің амандығына қуанғандай.

Ол орнынан тұрды, үсті өрім-өрім, шалбар, көйлек қақ айрылған, бұта жырған дененің әр жерінен қан көрінеді, шаң сірне боп қатқан жүзі жас пен терден айғыздалған. Бұлар да жетті, ол қыл арқанды саумалай келіп, бұл кезде күрең қасқаның жалынан ұстаған еді. Қос танауы делдие пыр-пыр еткен жануар терге малшынған, дір-дір етіп әзер тұр, жалын ұстап, терін сүртіп келе жатқан мына кісі кім - дегендей ауық-ауық осқырына қарайды. Көздер тоғысты, жаратушымның құдыретіне не дерсің, жануар мына адамның өзіне деген мейірімін көрді, жалының, құлағының түбін қасығаны да ұнап тұр. Ол болса: «Шүкір, шүкір, күрең қасқам!» дегенді сан рет айтқан болар, жүзін жас жуған. Ол бақытты еді. Мұны осыған қатысты сырды кеше естіген Әбдірасулле ғана түсінді. Ал, қалғандары таңғалуда, «Мынаның сиқыры бар шығар, шу асауың мысық боп қалды ғой» дейтіндей. Әсіресе, жылқышы Оразғали таңданысында шек жоқ. «Мұндайды кім көрген?!» Ол бері бұрылды. Әбдірасулле де шыдамады: «Аға-ау, өліп қала жаздадың ой. Байқамайсыз ба? Құдай сақтады...».

Әбдірасуллежан! Өлсем – арманым жоқ. Күрең қасқаның тұқымын таптым ғой, жалынан ұстадым ғой мен жазған. Ағаңа құдай берді ғой... Қазір өлсем де арманым жоқ!

***

Осы оқиғадан кейін бір ай өткен шамада ферма меңгерушісі көмекке келгендерді қайта жинап, совхоз орталығына бет түзегенді. Машина кузовында отырғандар көңілді. Тек Жантөре ғана жұбау. «Қайран, туған жер! Тағы кетем, қайтейін, тағдыр солай... Мына шіркіндер мендегі шерді білер дейсің бе, түсінер дейсің бе?! Атамекенге оралар заман да туар... Бірақ ол жақта да бір қауым ел боп отырмыз ғой... Мына опасыз жалған... не дерсің... Адамдар неге соншама бір-біріне жау болды екен? Не жетпейді сонда? Ертең өлетінін білмей ме? Тіршілікті итше ырылдаспай-ақ өткізбей ме? Әбдірасулленің ешкі терісінен мес істетіп бергені мұндай жақсы болар ма, ішін жусанға толтырып алды. Әрі туған жердің бір бұйымы, әрі иісі». Ойына әкесі ыңылдап айтар бір шумақ оралды:

Сазтабан, Ботақора, Талым қайда
Төрт түлік, тәңір берген
малым қайда?
Туған жер өзіңді ойлап
құса болдым
Самал жел, майда жаңбыр,
сағым қайда?

«Әке, – деді ол, іштей: Мен бақытқа кенеліп келемін. Өзіңнің аманатыңды орындадым, Әбілдің баласына сәлем бердім. Тіфа, тіфа, тіл-көзден аулақ, ізден шыққан екен, нағыз азамат боп өсіпті. Маған көмек берген де сол, меселімді қайтарған жоқ айналайын. Бір қап түйір қант та әкеп берді, елде оны «шекер» дейді екен, өзің де осылай айтушы ең ғой, қандай әдемі сөз, ал, ондағылардың бірі – қант, бірі – сахар дейді. Күніне күрең қасқаға үш мезгіл үш түйірден қант бердім. Айтпақшы, әке, мен оны күрең қасқа – деп атадым. Баяғы елден кетер сәтте айтқаның еске түсті: «Күрең қасқаның жалына да қолың тиер» дегенің. Әке! Білген екенсің ғой сонда, сезген екенсің ғой, жарықтығым. Бұл да маған үйреніп алды, осы келе жатқанда ішім әлем-жәлем. Қимаймын...».

Осы сәт машинадағылар шу ете қалды: «Өй, мына ат қайтеді? Өле ме?» Жантөре көзін жұма ойға кеткен еді, селк ете қалды. Қараса... Алла! Алла-ау! Құдай шеберге не дерің бар! Машинамен қапталдаса шауып келе жатқан күрең қасқа екен. Мұны байқап кісінеп жіберді. Жануар бірдеңені сезгендей. Неге кетіп барасың дейтіндей.

– Аға! Тоқтайық па?

– Жоқ, тоқтама! Қаттырақ жүріңдер!

Ол тоқтаса өзінің Күреңқасқа қасынан кете алмасын сезді. Қасындағыларға байқатпау үшін бетін сүрткен болып, мөлтілдеп келе беретін жасты сүртумен болды.

Алдажар ӘБІЛОВ

(Соңы. Басы өткен санда)

ОЙТАМЫЗЫҚ

Уақытыңды ұрлатпа!

Ақпараттық саланың дамыған дәуіріне аяқ басқанымызға да біраз уақыт болды. Жаңа технологияның түр-түрін меңгеру заман талабына айналды. Егер білмесең, жүйрік уақыт жолындағы тасбақаның күйін кешесің. Сол себепті көпшілік бәрін білмесе де, бірін білуге тырысып бағады. Дегенмен осы заманауи жетістікке қарсы қоғамда сыни пікір көп. Аға буын өкілдері әлеуметтік желіде жастардың ұзақ отыруын өзінің және елінің болашағына жасап жатқан қастандық деп түсіндірсе, ал, жастар жағының пікірі басқа.

«Бәрін айт та, бірін айт», ұялы телефоннан аттап кетуге болмас. Жас айырмашылыққа қарамай ел іші «екі қолда бір смартфон». Көшеде, үйде, дүкенде, көлікте, тіпті ұйқыдан тұрғанда да сол смартфон қолдан түспейді. «Бұның ішінде не бар екен?» деп қаласың. Жастардың қолындағы ұялы телефон әлеуметтік желіге толы, ал балаларда ше? Енді өсіп келе жатқан балақайлардың телефоны – онлайн ойындардың сандығы. Мәселен, Free fire, Standoff, Minecraft.

Желіде жөнсіз іс-әрекет өріп жүр. Жалпы бұл тақырып бойынша ой өрбітуіміздің себебі де осы. Интернет қолжетімді болғаннан кейін былық пен шылық үлкендермен бірге бала-шағаға да ортақ. Бұл желіде не жоқ, сайқымазақ Мұрат Әбілда балағат сөз боратса, Шырын есімді таразды қыз күллі жұртты жалаңаштанып таңғалдырмақ болады. Жаға ұстатар әрекеттерімен халыққа танылып, нәпақасын тауып жүргендер ұяттан алыстады. «Атың шықпаса, жер өрте», демекші, бұл әрекеттің елдің имиджіне кері әсерін тигізетіні анық.

Қош. Кейінгі буынның іс-әрекетін жастық максимализм деп қабылдадық. Алайда, халыққа пайдасын тигізбек түгіл, абыройсыздыққа үйір болып, жастардан қалыс қалмай келе жатқан елдің тұтқасын ұстайтын аға-әпкелеріміз ше? Мұндайда кімнен ақыл сұрарыңды білмей абдырайсың. Сондықтан тек жастардың бейәдеп қылығын таразыға салу қаншалықты дұрыс? «Тиімді тұсынан гөрі тиімсіз жағы басымырақ па?» деген ой келеді. Өйткені адам баласы ең қажет дүниесін естен шығарды. Ол – уақыт. Тас тескен тамшыдай сыртылдаған әрбір минуттың өткенін экранға желімдей жабысқан адам байқамайды. Желі – ақылды, адам – ақымақ болып тұр. Себебі, әлеуметтік желінің қолданушыға ұсынысы шексіз һәм әртүрлі. Ал, адам баласы, ұзынсонар жіпке тізілген бүкіл бағдарламаға байланып, алтын уақытын уыстап шашып, айдалаға жұмсап жатыр. Мәселен, Instagram, Facebook, Tik Tok, YouTube, WhatsApp сынды желілердің күндіз-түні қолданыста екені жасырын емес. Бұл психологиялық тұрғыда санамызды улап, үлкен кесел тудырды.

Алайда, кез келген нәрсенің екі жағы бар екенін ұмытпаған абзал. Жаңашылдық жаңа бетбұрысқа жетелейді, қазіргі таңда мобилограф, копирайтер, таргетолог, контент-мейкер, блогерлік салалар дамуда. Бүгінгі күнде желілерді дұрыс әрі түрліше бағытта қолданып жүрген жастар бар. Жас режиссер, әлеуметтік желінің белсенді қолданушысы Бауыржан Сәду:

– Әлеуметтік желіні қолдануға көзқарасым жақсы. Қазіргі кезде желіні кішкене баладан бастап, үлкендерімізге дейін қолданады. Себебі, бұл – заман талабы. Бірақ, айта кететін маңызды жайт, қолданушының оны не үшін және қандай мақсатта пайдаланатыны туралы. Өзімнің жұмыс жасайтын салама интернеттің, нақты айтқанда Telegram, Instagram, Tik Tok платформаларының пайдасы тиді. Оларды жұмысыма жарнамалық әдіс ретінде қолданамын. Бір видео арқылы танымалдылыққа ие болып жатқандар қаншама? Келесі бір жақсы тұсы, қоғамда орын алып жатқан мәселелер өзінің оңтайлы шешімін табуда. Ал желінің, жалпы интернеттің ең жаман күші – хакерлер. Ең бастысы, дұрыс бағытта қолдана білсек, жаман іс-әрекеттердің азаятыны хақ, – дейді ол.

Әрине, біз айтарымызды тұспалдадық. Ар жағын әркім өзі ойланар. Біз енді әлеуметтік желілер жайлы шамалы ақпарат бере кетейік:

1. Әр 20 минут сайын facebook-те 1 миллион сілтеме таралады.

2. Әр сағат сайын facebook-те 4,5 миллион адам қандай да бір іс-шараға шақыру алады.

3.Барлық қолданушылардың 50 пайызы аптасына 1-5 сағат уақытын әлеуметтік желілерде сөйлесумен өткізеді.

4. Әр секунд сайын 8 адам қандай да бір әлеуметтік желіге тіркеледі.

5. Google-дегі іздеу саны күніне 1 миллиардтан асады.

Ал, «Economist.kz» сайтындағы деректер бойынша, 2021 жылдың қаңтарында интернет пайдаланушылар саны 15,47 миллион адамды құраған, ал 2020 жылдың басынан бері (741 000 адам) 5%-ға өсті. 2021 жылдың басында интернеттің адам өміріне енуі 81,9% болды.

Әлеуметтік желі – ақпараттар әлемінің королі һәм табыс көзі. Жаныңыздан бір елі кетпейтін виртуалды досыңызды пайдаланарда қандай мақсатпен қолданатыныңыз туралы ойланыңыз. Уақытыңызды ұрлатпаңыз!

Әлия ТӘЖІБАЙ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Ядролық сынақ тоқтаған күн

Облыс орталығындағы «Тағзым» алаңында Семей ядролық полигоны-ның жабылуы күніне байланысты апаттан қаза тапқандарды еске алу іс-шарасы өтті.

Sb Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Оған облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев және «Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Сәбит Ыдырысұлы қатысты.

Тарихтан белгілі 29 тамыз – Тәуелсіз Қазақстанның өз еркімен атом қаруынан бас тартып, әлемге өзінің бейбітсүйгіштігін паш еткен күні. Семей атом сынағының 1991 жылдың 29 тамызында жабылуы еліміз үшін теңдесі жоқ қуаныш болды. Бұл шешім әлі күнге дейін өміршеңдігін жоғалтқан емес. Ядролық сынақты тоқтату арқылы Қазақстан өз имиджін қалыптастырды.

– Тәуелсіздікпен бірге келген жетістіктеріміздің бірі Семей атом полигонының жабылуы еді. Тарихқа көз салсақ, сынақ полигоны Кеңес одағының аса маңызды стратегиялық объектісі болғаны белгілі. 18 млн гектар жерге орнатылған полигонда 456 ядролық және термоядролық жарылыс жасалған. Олардың 116-сы ашық түрде болды. Полигонда әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан бірнеше есе көп болған. Халықтың басына түскен нәубетке бей-жай қарай алмаған азаматтар 1989 жылы қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің бастауымен алғашқы митинг өткізді. Осылайша 1991 жылы Қазақстан атом бомбасынан өз еркімен бас тартқан алғашқы мемлекет болып тарихта қалды. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай, – деді Ш.Байманов.

Іс-шараға жиналғандар Семей ядролық полигонында қаза тапқан қандастарымыздың рухына бас иіп, оларды бір сәт үнсіздікпен еске алды. Соңында құрбандардың рухына құран бағышталып, ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

«Таңның» өнімі ТМД елдерінде

Орақ салу рәсіміне шаруашылық еңбеккерлерінен бөлек, Жалағаш ауданында өтіп жатқан облыстық ардагерлер ұйымының көшпелі семинарына келген қариялар қатысты. Әр өңірден келген қонақтар серіктестік төрағасы Имамзада Шағыртаев бастаған егіншілерге ақ батасын беріп, күзгі өнімнің мол болуына тілек білдірді.

«Таң ЛТД» ЖШС 2003 жылы құрылған. Ауылмен аттас серіктестік көп жылдан бері күріш егіп келеді.

– Бүгін диқан қауым үшін ерекше күн. Өйткені, жаз бойы бейнет қылып, сол еңбектің нәтижесін көрер күнге жақын қалдық. Биыл шаруашылық бойынша егілген күріштен орташа есеппен әр гектардан 60-70 центнерден аламыз деген жоспар бар. Ал жыл сайын біздің ақталған күріш Қазақстаннан бөлек, көрші мемлекеттерге де экспортталады. Шаруашылықтың техникалық паркі 2011 жылдан бастап жаңартылды. Соңғы технологияларды пайдалана отырып, күріш сапасын арттыру жұмыстары да қолға алынған. Ал әлеуметтік жұмыстарға келер болсақ, ауыл ішіне керекті нысандар салуға шаруашылық қолдауы әрдайым жалғасын табуда, – дейді серіктестік төрағасы Имамзада Шағыртаев.

2016 жылдан бастап жеке қаражаты есебінен «Таң» елді мекенін абаттандыру және тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандыру бағыттарына 701 млн теңге қаржы бөлген. Мысалы, 100 орындық «Таң бөбегі» балабақшасы мен мешіт қайта жаңғыртылып, жаңа спорт кешені пайдалануға берілген. Биыл аталған спорт кешенін ұлғайту мақсатында тамыз айында 150 орындық жаңа ғимараттың іргетасы қаланған. Бұл нысан келесі жылы бітеді. Өз өнімімізді шығару мақсатымен ет өңдеу цехын да іске қостық. Бұдан өзге ауылды абаттандыру-көркейту жұмыстарына да жиі қолдау көрсетіп жүр.

Сондай-ақ серіктестік 2019 жылы тұқым шаруашылығы статусын алды. Екі мың тоннадан астам тұқым дайындаса, соның жартысын өзге аудандағы шаруашылықтар сатып алады. Бізбен кездескен төрағаның сенімді өкілі Сәкен Шағыртаев жұмыстарын баян етті.

– Шаруашылық «Таң» ауылының өзінен бөлек, Мырзабай ахун, «Мақпалкөл», көрші Қармақшыдағы «Ақжар» ауылына да инвестор есебінде күріш екті. Қаржы салып, осы ауылдағы тұрғындардың жұмысқа орналасуына ықпал жасап отыр. Қазір күзгі жиын-терім басталды. Күріштің шығымы да жақсы. Әртараптандыру мақсатында бақша өсіреміз. Мал азығына жоңышқамыз да бар. Жыл сайын техника жаңартылып отыр. Жалпы 2011 жылдан бері ауыл шаруашылығы машиналарын алып келеміз. Жаңа технология, заманауи шаруашылық көліктерінің бізге үлкен көмегі бар. Осының арқасында серіктестік жоғары өнім алып, облыста алдыңғы қатардан көрініп келеді. Технология дегенмен де, күрішке тәжірибелі маман қажет. Өз басым шаруашылықтағы еңбеккерлерді мақтан тұтамын, – дейді ол.

Сәкен Шағыртаевтың айтуынша, егін даласынан жиылған күріш облыс орталығына кетеді. Өйткені, күріш ақтайтын зауыты сонда. Неге десек, тапсырыс берушілердің көбі дайын өнімді үлкен қала орталығынан іздейді екен. Жергілікті жерге келуге жол шығындарын ауырсынатыны тағы бар. Қазір «Таң ЛТД» шаруашылығының өнімдері Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан сияқты көршілес республикаларға да жіберілуде.

1-бет

Биыл 13-рет әлем халқы 29 тамыз – Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күнін атап өтті. Атаулы күн 2009 жылы 2 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен бекітілген. Бұл күні еріктілер мен белсенділер мемлекеттердің қолдауымен рұқсат етілген митингілер мен түрлі шараларға қатысады.

Қырық жылға созылған қасірет

Әлемнің барлық елдері бірауыздан қабылдаған санаулы әлемдік мерекелердің бірін белгілеуге Қазақстан бастамашы болды. Ал, мереке күні ретінде Семей полигонының ресми жабылған күні – 1991 жылғы 29 тамызды алуды ұсынды.

Сонау 1949 жылы дәл осы күні Семей қаласының маңында Қазақстан жеріндегі алғашқы атом жарылысы болған. Содан бастап қазақ даласының миллиондаған гектар жері 40 жыл бойы ядролық сынақ алаңы болды. Семей, Азғыр, Нарын, Тайсойған сынды полигондар орналасқан жерлердің табиғаты әсем, шұрайлы жайылымдар еді. Осы жерлерде 1949-1989 жылдар аралығында болған ядролық сынақтардың 27-сі атмосферада, 18-і жер бетінде, қалғаны жер астында жасалды.

Атом қаруы сыналған елдермен салыстырсақ, Ресейде 225, АҚШ-та 1032, Қазақстанда 500-ден астам жарылыс жасалған. Қазақстан жерінің қаншалықты зардап шеккенін осыдан-ақ білуге болады. Оның үстіне, дүние жүзіне танымал Капустин, Лобнор сынды ядролық сынақ алаңдары Қазақстанға жақын жатқан аумақтар екенін ұмытпағанымыз жөн.

Қырық жыл бойы Семей полигонында ядролық қарудың сынақтары жүргізілді. Салдарынан үлкен экологиялық апат орын алды. Адам денсаулығы мен қоршаған ортаға орны толмас зиян келтірілді. Халықтың өлімі мен жалпы сырқаттанушылық деңгейі артты.

Семей ядролық полигоны 1948 жылы алғашқы кеңестік ядролық құрылғыны сынау үшін арнайы құрылған. Полигон Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарының түйіскен жерінде 18500 шаршы шақырым аумақты алып жатыр. 1949 жылдан 1989 жылға дейін полигонда 456 ядролық сынақ жүргізілді. 1963 жылы КСРО, АҚШ және Ұлыбритания ядролық қаруды атмосферада, ғарышта және су астында сынауға тыйым салу туралы шартқа қол қойғаннан кейін, жерасты сынақтарының саны күрт өсті.

Барлық жарылыстардың күші Хиросимаға тасталған бомбаның қуатынан 2500 есе көп болды. Түрлі мәліметтер бойынша, Семей полигонындағы сынақтардан 1,5 миллионнан астам адам зардап шекті.

Семей полигонындағы соңғы жарылыс 1989 жылы 19 қазанда болды. Ядролық сынақтар басталғалы 42 жыл өткен соң, 1991 жылы 29 тамызда Президент Жарлығымен әлемдегі ең ірі ядролық сынақ полигондарының бірі біржақты тәртіпте біржола жабылды.

Жалпы, әлемде жарты ғасыр ішінде ядролық қаруды әртүрлі орталарда сынау бойынша 2000-нан астам жарылыс жасалған. Ядролық қаруды сынау алғашында ғылым мен технологияны дамыту бағытында жасалғанымен, кейін одан атом бомбасы дайындалып, соғыс мақсатында пайдаланылды. 1945 жылы атом бомбасын алғаш рет АҚШ Хиросима мен Нагасаки қалаларына тастады. Адамзат тарихында жасалған бұл қасірет әлі күнге дейін жапондарға зардап шектіруде. Ал Қазақстан жерінде сыналған 500-ден астам атом бомбасының зардабы айтпаса да түсінікті.

1996 жылы қабылданған Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа қарамастан, содан бері де кем дегенде 5 жарылыс жасалған.

Алғашқы жарылыстан бастап-ақ, жаппай қаруланудың соңы жақсылыққа апармайтынын білген белсенділер әлі күнге дейін түрлі ядролық сынақтарға қарсылық акцияларын өткізіп келеді. Мысалы, 1947 жылы американдық атом ғалымдарының журналы «Қиямет күні сағаты» деп аталатын жобаны бастаған. Олар ядролық катаклизмнің басталу уақытын тәуліктің соңғы минуттары етіп көрсеткен. Минуттық тілдің тербелісі атомдық апатқа дейін қалған уақытты бейнелейді.

Дегенмен, ядролық қаруға, сынақтарға қарсы тиімді бағдарламалар қабылдап, жүзеге асыру қажеттігі әлі күнге өзекті болып отыр. Әлемдік саяси аренадағы қазіргі шиеленісті жағдайды ескере отырып, ядролық қарудың кезекті қаупі айқын бола түсуде. Сондықтан әлемдік қауымдастық мұндай сценарийдің алдын алуға бар күш-жігерін салуы қажет.

«СБ» ақпарат

Осы жылдың 15 қыркүйегіне дейін салық төлеушілер бақылау-касса машиналарының бағдарламасын жаңартуы қажет



2022 жылы деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолдану тәртібіне (Салық кодексінің 166-бабына) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«Бақылау-касса машиналарын қолдану мәселелері бойынша» жұмыс тобы шеңберінде бақылау-касса машиналарының әзірлеушілерімен және фискалдық деректер операторларымен бірлесіп бақылау-касса машиналарымен ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтер беру бойынша оператордың серверіне деректерді берудің бірыңғай Хаттамасы жаңартылып бекітілді.

Осыған байланысты, модельдері бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізімінен енгізілген, деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолданатын барлық кәсіпкерлерге 2022 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі мерзімде өздерінің жұмыс істеп тұрған бақылау-касса машиналарын қайта бағдарламалау қажет!

Назар аударыңыз! 15 қыркүйектен бастап, 2.0.2 басқа Хаттамаларға фискалдық деректер операторлары қолдау көрсетпейді! Осыған байланысты, барлығына бақылау-касса машиналарын 2.0.2 хаттама нұсқасына дейін алдын ала жаңартуға кеңес береміз.

Салық кодексінің 171-бабына сәйкес, тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарының мәліметтерін қабылдау, сақтау бойынша қызметтер көрсетуді, сондай-ақ оларды салық органдарына беруді фискалдық деректер операторы жүргізеді.

«Бақылау-касса машиналарын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің бұйрығына сәйкес бақылау-касса машиналары фискалдық деректер операторының серверіне мемлекеттік кірістер органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз ететін техникалық талаптарға және сәйкестік нысанына, бақылау-касса машиналарының техникалық талаптарына сәйкес ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді береді.

Егер 2022 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі мерзімде салық төлеушілер бақылау-касса машиналарының бағдарламасын жаңартпаса, фискалдық деректер операторлары ондай бақылау-касса машиналарына техникалық қолдау көрсетпейді.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

Қырық күн өтті өзіңсіз

Асау өзендей арыны қатты өмірге кімдер келіп, кімдер кетпеген? Ортамызда жайраңдап күліп, жарқырап жүрген ардақтымызды еске алып отырамыз деп кім ойлаған. Осыдан 40 күн бұрын төтеннен келген қаза отбасын, ағайын-туысын есеңгіретіп жіберген болатын. Жан-жағына сыйлы жан, қымбатты бауыр, асыл жар, ардақты әке Асқар Сайлауұлы Қолдабековтен көз жазып қалғалы көңіліміз жабырқаулы.

Ісінде Жаратқанның қате болмас,
Қайғыға ұшырадық орны толмас.
Қасынан жақсылардың орын алып,
Иманың өзіңменен болсын жолдас.
Еңбегі таза жанның ақталады,
Жақсыдан жақсы деген ат қалады.
Тірлікте жақсы ісімен үлгі жанның,
Есімі мәңгі есте сақталады.

Абзал жанды еске ала отырып, оқылған құран аяттары қабірін нұрландырып, орны пейіштің төрінен бұйырсын деп тілейміз.

Еске алушылар: бөлелері және Сайлыбаевтар әулеті.

Газетіміздің келесі саны 2 қыркүйек, жұма күні шығады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 24643 Тапсырыс №1435 Кезекші редактор **Гүлбану Мақажан**